

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 желтоқсандағы N 1171 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңына „»"Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттар шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған резервінен 244055 (екі жүз қырық төрт мың елу б е с ) т е ң г е б ө л і н с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы»6 желтоқсандағы  
N 1171 қаулысына

### ҚОСЫМША

#### Орындалуға тиісті сот шешімдерінің тізбесі

Р/с N	Сот органының атауы және шешім шығарылған күн	Талапкердің аты-жөні	Мемлекеттік баж шегерілген сома (теңге)	Мемлекеттік баж (теңге)
1	Атырау қалалық сотының 27.10.2000 жылғы шешімі	Б. Кішімов	77000	
2	Тараз қалалық сотының 14.09.2004 жылғы шешімі, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 27.10.2004 жылғы қаулысы, Жамбыл облыстық сотының қадағалау алқасының 09.02.2005 жылғы қаулысы	К.Р. Нұрланов	167055	

<b>Жиыны:</b>	<b>244055</b>	<b>-</b>
<b>Жалпы сомасы:</b>	<b>244055</b>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК